

Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Қарашоқы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі әлеуметтік педагог уақытша бос орнына жұмысқа қабылдау бойынша конкурс «Enbek kz» сайтына жарияланғанын хабарлайды!

Конкурстың өтілуі туралы мәлімет:

Орналасқан жері- Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Қарашоқы ауылы, И.П. Надбережный көшесі № 1А
Электрондық- мекен -жайы karashok_sh@mail.ru
Байланыс телефоны-8 (728) 429 69 53
Бос орын: әлеуметтік педагог (уақытша бос)
Еңбек мөлшері : 110000-140000 теңге көлемінде

Конкурсқа Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін және осы Қағидалардың **118-тармағында** көрсетілген тізім бойынша құжаттарды ұсынған педагогтер қатысады.

118-тармақ: Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

- 1) осы Қағидаларға **10-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 **бұйрығымен** бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).
- 7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 8) наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда).
- 10) 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.

Педагогқа қойылатын талаптар:

-Білімі- жоғары

Конкурсқа өтініш пен құжаттарды қабылдау: 16-20.10.2023ж
Құжаттарды қабылдау отырысы: 21.10.2023ж